

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 шілдедегі N 988 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1431

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақмоласельмаш" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 шілдедегі N 988 Р990988_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның екінші абзацы алынып тасталсын;

2) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Астана қаласының әкімі "Медетші қор" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен, "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамымен, Қоғаммен:

1) Қоғамның "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына соңғысымен атаулары мен бағаларын келісіп, Қоғамға ауыл шаруашылығы техникасын "Медетші қор" республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген несиені берілетін техниканың сомасына өтеу есебіне беруді;

2) Қоғамның "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына берілетін техниканың сомасына несие бойынша борышын жылдық 3 (үш) пайыз сыйақы (мүдде) ставкасы бойынша 5 (бес) жылдың ішінде қайтару шартымен аударуды;

3) "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы техниканы шаруашылық

жүргізуші субъектілерге лизинг шартымен берудің немесе оны сатудың нәтижесінде түсетін төлемдердің есебінен осы қаулының 2-тармағында көрсетілген несие бойынша берешекті өтеуді көздейтін келісімді заңнамада белгіленген тәртіппен жасасуды қамтамасыз етсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК